

**"Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры" акционерлік қоғамының қызметін жүзеге асыруға комиссиялық сыйақының пайыздық ставкасының 2007 жылға арналған шекті шамасын және оны пайдалану тетігін бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 23 желтоқсандағы N 1257 Қаулысы "Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 25 сәуірдегі Заңының 28-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. "Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры" акционерлік қоғамының (бұдан әрі - Қор) қызметін жүзеге асыруға комиссиялық сыйақының пайыздық ставкасының 2007 жылға арналған шекті шамасы есепті айда Қордың шотына келіп түскен активтер мөлшерінің 0,63 пайызынан асырылмай бекітілсін.

2. Осы қаулының 1-тармағына сәйкес есептелген есепті айдағы комиссиялық сыйақы сомасы есепіден кейінгі айдың бірінші бес жұмыс күнінде Қордың ағымдағы шотына аударылуға тиіс.

3. Қордың шотына келіп түскен комиссиялық сыйақы сомасы Қорды басқару органы бекіткен Қор қызметін қамтамасыз етуге 2007 жылға арналған шығыстар шегінде пайдаланылуға тиіс.

4. Осы қаулы 2007 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қ а з а қ с т а н            Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*